

Сырдың сырбаз перзенті еді...

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.04.2023

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/138022/>

Ғылыми жетекші: Қозыбақова Фатима Айқынбайқызы

Мақала аты: Сырдың сырбаз перзенті еді

Бокенбай Фаниза

Сырдың сырбаз перзенті еді...

Мұстафа Шоқай ол кім?

Мұстафа Шоқай-халық қамын ойлап, зыр жүгірген, түрік тілдес халықтардың дербес мемлекетін құрсам деп армандаған, сол жолда басын қатерге тіккен қазақ халқының жарық жұлдыздарының бірі еді. Мұстафа Шоқай 1890 жылы 7 қаңтарда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Сұлутөбе стансасында туған. Ол әуелі ауылдағы мектепте оқып, кейін Ташкенттегі гимназияны, Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Орыс, ағылшын, француз, поляк және бірқатар түркі тілдерін емін-еркін білген. 1915-1917 жылдары Түркістан өлкесінің тәуелсіздігі үшін жанталаса күрескен. Петербурда Мұстафа Шоқай ұлттық мұсылман қозғалысының өкілдерімен танысады. Мұстафаның үлкен саясатқа араласуына ықпал еткен бірден бір адам Әлихан Бөкейханов еді. Бөкейхановты Шоқайдың саяси ұстазы деуге де болады. Ол Мұстафаның бойындағы қажыр-қайраты мен ұлтжандылығын байқап, жас Шоқайды сол кезде

Петербордағы саясаткерлермен, қоғам қайраткерлерімен, мемлекеттік Дума депутаттарымен, оқымысты ғалымдармен және жазушылармен таныстырды. Мұстафаны Ресей мемлекеттік думасы мұсылман фракциясының хатшылығына ұсынған да Әлихан болатын. 1917 жылғы революция нәтижесінде патша өкіметінің құлауы Мұстафа Шоқай үшін үлкен қуаныш еді. Ол түркі халықтары сол төңкеріс кезінде Ресей бодандығынан құтылып, автономия алады деп үміттенді. Алайда 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартты. Сөйтіп, өлкедегі барлық билік еуропалық нәсілділерден құралған Түркістан халық комиссарлары кеңесіне көшеді деген қаулы қабылдады. Мұстафа Шоқай мұны барып тұрған әділетсіздік деп бағалады. 1917-1940 жылдар аралығында Стамбулда және Берлинде «Жаңа Түркістан» мен «Жас Түркістан» деген журналдар басып шығарып, сонда Кеңес өкіметінің әділетсіз саясатын бүкіл батыс елдеріне жария еткен. 1941 жылы неміс фашистері Парижді басып алған соң М.Шоқайды қамауға алып, тұтқынға түскен Түркістандық жауынгерлермен жұмыс істеуге итермелеген. Кешікпей М.Шоқай белгісіз жағдайда Берлинде дүние салған. М.Шоқайдың елінің бостандығы үшін күрескенін, Кеңес өкіметінің екі жүзді саясатын әшкерелегенін дүние жүзі білгенімен, өз отандастары естімеді, білмеді. Оның еңбектерін де, тіпті атын атауға қатаң тиым салынды. Бұл тәртіпті бұзғандар ОГПУ НКВД органдарынан аяусыз жаза алды. Сонымен қатар белгілі жазушылар Ә.Әлімжанов, Б.Қойшыбаев, Х.Абдуллин және басқалары да нақты деректерге жүгініп Мұстафа Шоқайдың халқына адалдығына, даналығына, ақтығына көпшіліктің көзін жеткізген сияқты. Мұстафа Шоқай тарихтан өз бағасын ала алмады. 1993 жылы 5 қарашада

Қазақстанның халық жазушысы Ә.Тәжібаев, атақты академиктер Ж.Әбділдин, М.Қозыбаев және де елі аса жоғары құрметтейтін бірқатар азаматтар Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мырзаға Ашық хат жолдап, Мұстафа Шоқайдың еңбегіне әділ баға беріп, оны еске алу жайлы шараларды жүзеге асыруды сұрады. Барша жұрт мұны ризашылықпен қабылдады. Өмір өзі көрсетіп отыр: тарих алдауға көнбейді. Бірі ерте, бірі кеш, бірақ қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері түгелдей өздеріне тиесілі орнын табатыны сөзсіз. Мұстафа Шоқай туып өскен ауыл-Мұстафа Шоқай ауылы деп аталды. Егемендікті ұлықтау ұлылардан бастау алады. Өткен тарихтың асылын бағалап үйренейік. Әр тарихи тұлға біздің болашаққа бағдарлаушымыз екенін естен шығармайық. «Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады», - деп Расул Ғамзатов айтқандай, шындыққа қиянат жасамайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.